



ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ: НАҚТЫ ҚАДАМ

Дәріскер: Тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасының оқытушысы
Жолдасбек А.Е.

Тұрақты даму мақсаттары: қашан, қалай пайда болды? Тұрақты даму деген не?



Қай ғасырда да елдің дамуын ондағы халықтың әл-ауқатының деңгейімен бағалайды. Адамдардың әл-ауқатының жоғары деңгейі туралы айтқанда қандай елдер ойға келеді? Әрине, экономикасы қарыштап дамыған, халқының табыс деңгейі жоғары ел.

Сондықтан көп жылдар бойы әлем елдері экономиканы дамыту дегенді көбінесе пайданы арттырумен және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің мәндерімен байланыстырып келді. Біздің елде де солай.

Әртүрлі ресурстардың орнының толуына, бір бағыттағы дамудың екінші бір бағытта дамуына зиян келтірмейтіндей даму ғана тұрақты даму болмақ. Мысалы, тұрақты түрде қымбат өнім өндіретін өндіріс қанша көп пайда әкелсе де, ол қоршаған ортаға зиян келтіретін болса, ол адам денсаулығына зиян келтіреді. Олай болса, оны тұрақты даму деп айта алмаймыз. Өйткені ол экономикалық дамуға үлес қосқанымен, әлеуметтік және экологиялық мәселелер тудырады.

Олай болса, тұрақты даму әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен қоршаған орта мәселелерін тепе-теңдікті сақтай отырып, шешуді білдіреді.

Тұрақты даму жөнінде қашан айтыла бастады?



- Табиғи ресурстардың шектеулі екендігі және оны ысырыптап пайдалануды шектеу жөніндегі ойларды ежелгі философтар да, қазақ ойшылдары да айтқан. Қазақтың **«Судың да сұрауы бар»** деген мақалы осының дәлелі.
- Ал ғылыми жағына келсек, алғаш тұрақты даму жөніндегі түсінік XVIII ғасырда өмір сүрген ағылшын экономисі **Томас Роберт Мальтустың** еңбектерінде кездеседі. Мальтус өз еңбегінде *ресурстардың санын арттыру қолға алынбаса, әлем болашақта аштық, соғыс, экологиялық апат сияқты қиындықтарға тап болуы мүмкін екендігін айтқан.*

Тұрақты даму мақсаттары қалай пайда болды?



- 2015 жылға дейін әлем елдері «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» деген жобаны жүзеге асырған болатын.
- «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» негізінен әлеуметтік және экологиялық, ынтымақтастық саласындағы **8 мақсатты қамтыды**. Әр мақсат бойынша нақты индикатор анықталды. 2015 жылы алға қойған міндеттер ойдағыдай **орындалды**.
- Алайда әлем алдында экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық саласын қамти отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей даму жолына түсу міндеті тұрған еді. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамындағы 193 ел бірлесіп отырып, «2030 жылға дейінгі Ғаламдық күн тәртібін» қабылдады. Оны қысқаша «Тұрақты даму мақсаттары» деп атайды.





Тұрақты даму мақсаттары - жер шарын қорғау мен бейбітшілікті қолдау үшін қабылданған әлемдік мақсаттар. Тұрақты даму мақсаттары 2030 жылға дейін 17 мақсаттың жүзеге асырылуына жұмыс жасайды.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР



Адамдар

кедейшілікті жою, гендерлік теңдік, салауатты өмірді қамтамасыз ету, білім беру



Планета

құрлықтың экожүйелерін және су ресурстарын ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруі



Өркендеу

инклюзивтік өсу және экономикалық өзгерістер



Әлем

қауіпсіз және бейбіт қоғам, күшті институттар, сот төрелігі



Серіктестік

тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік, ресурстарды жұмылдыру, технологиялар, әлеуетті арттыру, сауда

Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға кімдер жауапты?




- Тұрақты даму мақсаттарының негізгі қағидасы «Ешкімді назардан тыс қалдырмау». Еліміздегі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы тұрақты даму мақсаттарына толығымен сай келеді деуге болады.
- Тұрақты даму мақсаттарының қағидасынан оған қол жеткізуге жауапкершілік тек Үкіметке жүктелмейтінін байқауға болады. Ғаламдық мақсаттарға қол жеткізу жолында елдегі азаматтық сектор, бизнес ғана емес, әр адамның белсенді қатысуы аса маңызды. Сонда ғана біз болашақ ұрпаққа қажет ресурстарды үнемдей отырып, тұрақты даму жолына қол жеткізе аламыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰДБ



- Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) - бұл БҰҰ-ның ғаламдық даму желісі, атап айтқанда, қазірдің өзінде 170 елде жұмыс істейтін, кедейлікті жоюға, теңсіздікті азайтуға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және үкіметтің ашықтығын арттыруға көмектесетін ТДМ. Қазақстан жұмысы басталғаннан бері БҰҰДБ-мен бірге құны 200 миллион АҚШ долларынан асатын тақырыптық бағыттар бойынша 200-ден астам жоба жүзеге асырылды. Дәл осы ТДМ үшін БҰҰДБ Қазақстанға көмектеседі:
 - 1. Әлеуметтік сенімсіздік пен теңсіздікті жою
 - 2. Халықтың үкіметке деген сенімін қалпына келтіру
 - 3. Экологиялық тұрақтылықты сақтау
 - 4. Жоғары тиімді экономикалық өсуге ықпал ету

Даму жоспары



2030 жылға дейін бүкіл әлемдегі барша адамзат үшін кедейлікті жою.



- 2030 жылға дейін жағдайы осал тұлғалардың өмір сүру қабілеттіліктерін көтеру және олардың климат өзгерісі салдарынан болған төтенше құбылыстар және басқа да экономикалық, әлеуметтік және экологиялық күйзелістер мен апаттар алдындағы қорғансыздықтарын азайту.
- Ұлттық, аумақтық және халықаралық деңгейлерде кедейлікті жою бойынша іс-шараларға қарқынды үлес қосуға көмектесу үшін, негізінде кедейлік мүдделерін және гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегиялары жатқан сенімді стратегиялық механизмдерді құру



Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға жәрдемдесу



Міндеттер

2030 жылға дейін аштықты жою және бәрін, әсіресе нәрестелерді қосқанда халықтың табысы аз әрі осал топтарын қауіпсіз, құнарлы және жеткілікті тағамға жыл бойғы қолжетімділікпен қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылық инфрақұрылымына, ауыл шаруашылық зерттеулеріне және агрономиялық насихатқа, технологияларды дамытуға және өсімдіктер мен жануарлар генетикалық қорын жасауға инвестициялауды ауыл шаруашылық өндірісі саласында дамушы елдердің, әсіресе анағұрлым төмен дамыған елдердің әлеуетін күшейту мақсатында атап айтқанда, халықаралық ынтымақтастықты іске қосу арқылы ұлғайту.

ТДМ 3: Денсаулық пен амандық

Міндеттер

2030 жылға дейін ана өлімінің ғаламдық коэффициентін төмендету

2030 жылға дейін нәрестелер мен бес жасқа дейінгі балалардың алдын алуға болатын өлімдерін тоқтату

2030 жылға дейін су арқылы жұғатын және басқа да жұқпалы аурулармен күресті қамтамасыз ету



Сапалы білім – жарқын болашақ кепілі



4 САПАЛЫ
БІЛІМ БЕРУ



Ауқымды және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығы үшін бүкіл өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу

2030 жылға дейін барлық қыздар мен ер балалардың талап етілетін және тиімді оқу нәтижелеріне жетуге мүмкіндік беретін ақысыз, сапалы және тең құқылы бастауыш және орта білімге ие болуын аяқтауды қамтамасыз ету



ТДМ 5: Гендерлік теңдік



Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту



Барлығы үшін су ресурстары мен санитарияның болуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету



2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтар төгіндісін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдар шығарындыларын барынша азайту, тазартылмаған ақаба сулар үлесін екі есеге қысқарту және судың сапасын көтеру

2030 жылға қарай барлық деңгейлерде, соның ішінде қажет болған жағдайда трансшекаралық ынтымақтастық негізінде су ресурстарын кешенді басқаруды қамтамасыз ету

2020 жылға қарай сумен байланысты экожүйелерді, соның ішінде тауларды, ормандарды, сулы-балшықты жерлерді, өзендерді, су тұтқыш қабаттар мен көлдерді қорғау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету

Қымбат емес, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздерінің барлығы үшін жаппай қолжетімділігін қамтамасыз ету

Экологиялық таза энергетика саласындағы жаңартылатын энергетиканы, энергиялық тиімділікті арттыру және қазбалы отындарды пайдаланудың неғұрлым таза технологияларын қоса алғандағы зерттеулер мен технологияларға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жандандыру және энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетикаға салынатын инвестицияларды көтермелеу

7 ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ
ТАЗА ЭНЕРГИЯ



ТДМ 8: Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу



- Алға бағытталған, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, барлығы үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу
- Өндірістік қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бейімделген саясатты жүргізуге жәрдемдесу және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті ұсыну арқылы микро, шағын және орташа кәсіпорындардың ресми танылуы мен дамуын көтермелеу.

Берік инфрақұрылым құру, ауқымды және орнықты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу



Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде ғылыми зерттеулерді жандандыру, өнеркәсіптік секторлардың технологиялық әлеуетін өсіру, инновациялық қызметті ынталандыру ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласында жұмыскерлер санын едәуір арттыру.



Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту



2030 жылға қарай барлық адамдардың жасына, жынысына, мүгедектігіне, ұлтына, этникалық шығутегіне, дініне және экономикалық немесе басқа мәртебесіне қарамастан әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді араласуын заңнамалық жолмен қолдау және көтермелеу.

Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршендігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйге және жаңа қызметтерге жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету және қалың тоғайларды абаттандыру.

Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау және сақтау бойынша күш-жігерді жандандыру.

2030 жылға қарай ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы халықтың жан басына қайта есептегендегі қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту.



Оңтайлы тұтыну мен өндіру үлгілеріне өтуді қамтамасыз ету



2030 жылға қарай табиғи ресурстарды оңтайлы игеру мен тиімді пайдалануға қол жеткізу

2030 жылға қарай жеке және тұтынушылық деңгейлердегі тағам қалдықтарының бүкіләлемдік мөлшерін халықтың жан басына қайта есептегенде екі есеге қысқарту және өндіру-өткізу тізбектеріндегі азық-түлік шығындарын, соның ішінде түсімді жинаудан кейінгі шығындарды азайту

ТДМ 13: Климаттың өзгеруіне қарсы күрес



Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік Конвенциясының қатысушылары болып табылатын дамыған елдердің өздеріне қабылдаған климаттың өзгеру салдарының қауіптілігін жеңілдету бойынша сындарлы шараларды қабылдау.

Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту

13 КЛИМАТТЫҢ
ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ
КҮРЕС



Мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын орнықты даму мүдделерінде сақтау және оңтайлы пайдалану



2025 жылға дейін теңіз қоқысымен және қоректік заттарды қоса есептегенде құрлықта әрекет ету салдарынан теңіз ортасының кез келген ластануының алдын алу және едәуір қысқарту

Жағымсыз әсер етудің алдын алу мақсатында теңіз және жағалау экожүйелерінің тиімді пайдаланылуын және қорғанысын атап айтқанда, осы экожүйелердің беріктігін арттыру арқылы қамтамасыз ету және мұхиттардың жақсы экологиялық жағдайы мен өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында оларды қалпына келтіру шараларын қабылдау.

ТДМ 15 Құрлық экожүйелерін қорғау



Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және олардың оңтайлы пайдаланылуына жәрдемдесу, ормандарды оңтайлы пайдалану, шөлейттенумен күрес, жердің азу процесін тоқтату және кері бұру және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.

Халықаралық келісімдерде белгіленген міндеттемелерге сәйкес жер үсті және ішкі тұщысу экожүйелерін және олардың қызметтерін, ормандардың, сулы-батпақты алқаптардың, таулардың және шөлейт жерлердің сақталуын, қалпына келтірілуін және оңтайлы қолданылуын қамтамасыз ету.



ТДМ 16: Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар



Тұрақты даму мүдделерінде бейбіт және ашық қоғамның құрылуына жәрдемдесу, барлығы үшін сот әділдігіне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беруге міндетті және кең қатысуға негізделген мекемелерді құру.

Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқық үстемдігіне жәрдемдесу және барлығын әділ сотқа тең қолжетімділікпен қамтамасыз ету. 2030 жылға дейін заңсыз қаржылық ағындар мен қару-жарақ ағындарын едәуір азайту, ұрланған активтерді табу және қайтару бойынша қызметті жандандыру және ұйымдасқан қылмыстың барлық түрлерімен күрес жүргізу.

Жемқорлық және парақорлықтың барлық нысандарының ауқымын айтарлықтай азайту. Барлық деңгейде тиімді, есеп беретін және таза мекемелерді құру.

Тұрақты даму мүдделеріндегі жаһандық әріптестіктердің шектерінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру

Экологиялық қауіпсіз технологияларды дамушы елдер өзара келісілген қолайлы шарттарда, соның ішінде жеңілдікті және артықшылықты шарттарда қабылдайтындай экологиялық қауіпсіз технологияларды даярлау, тапсыру, тарату және игеруге жәрдемдесу.

Барлық елдерге, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму саласындағы мақсаттарға жетуді қолдау үшін білім, тәжірибе, технологиялар мен қаржылық қорларды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен толықтырылатын тұрақты даму мүддесіндегі Ғаламдық серіктестікті нығайту.

17

ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МҮДДЕЛЕРІНДЕГІ
ӘРІПТЕСТІКР





Назар аударып
тыңдағандарыңызға рахмет!